

Қостанай облысы Арқалық қаласының Молодежный ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2014 жылғы 6 тамыздағы № 195 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 қыркүйекте № 5090 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2020 жылғы 27 ақпандығы № 304 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 27.02.2020 № 304 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімінің тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 20.03.2015 № 230 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Арқалық қаласының Молодежный ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылының жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті сессияның төрағасы,

Арқалық қалалық мәслихатының

хатшысы

Н. Шалдыбаев

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы Арқалық қаласы

Молодежный ауылының әкімі

\_\_\_\_\_ F. Байзакова

Мәслихаттың  
2014 жылғы 6 тамыздағы  
№ 195 шешіміне қосымша

## Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылының жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Елді мекенниң атауы	Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылының тұрғындары өкілдерінің саны
1	Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылы	43

Мәслихаттың  
2014 жылғы 6 тамыздағы  
№ 195 шешімімен бекітілген

## Қостанай облысы Арқалық қаласының Молодежный ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылы (бұдан әрі - Молодежный ауылы) тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Молодежный ауылы тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### 2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Молодежный ауылының әкімі (бұдан әрі – ауыл әкімі) шақырады.

Арқалық қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 20.03.2015 № 230 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Молодежный ауылы шегінде бөлек жиынды өткізуіді ауыл әкімі үйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Молодежный ауылының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды ауыл әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауыл әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Молодежный ауылы тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Арқалық қалалық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Молодежный ауылы тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Молодежный ауылы әкімінің аппаратына береді.